

A decorative border of small pencil icons surrounds the text on the page. The pencils are arranged in a rectangular frame, with some at the corners pointing towards the center.

№ 41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Ата – анамен жұмыс жинағы

№6 «Елік» ересек тобы

2025 – 2026 оқу жылы

Тәрбиешілер: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы

Бекітіледі: 2025 ж.
 №41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
 Меңгерушісі: Карабалина А.Е.



Ата-аналармен жұмыс
 №6 «Елік» ересек топ
 2025-2026 оқу жылы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Өткізу әдісі	Мерзімі	Жауаптылар
1.	1.қыркүйек – Білім күні «Балабақша – жайлы мекен» 2.«Кітаппен жарқын әлемге» 3.Ата-аналар жиналысының ашылуы, келісім шарт, бала бақша ішілік тәртіп ережелерімен таныстыру. 4.Тұмаудың алдын алу. 5. Баяндама: «Бала – біздің болашағымыз!». 6.Жаңа оқу жылының сабақ кестесімен таныстыру. 7. Ата-аналар комитетін сайлау .	Балабақшада экскурсия өткізу Кітапханаға саяхат Жиналыс. Кеңес Баяндама	IX	Топ тәрбиешілері Калабазарова Д.А Асан А.А Калабазарова Д.А тәрбиеші БурхановаЗ.Т. медбике Асан А.А тәрбиеші Топ тәрбиешілері
2.	1.«Қарттарым – асыл қазынам» 2. «Асар жәрмеңкесі» 3.«Қазақстан – Республикам менің!» 4. «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» 5.Жұқпалы аурулардың алдын алу. Тұмау ауруы«Желшешек»	Фото сурет Жәрмеңке Мерекелік шара Көрме суреттер	X	Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері БурхановаЗ.Т. медбике
3.	1. «Бағдаршам және біз» 2. «Балабақша өз үйім» 3. «Адалдық алаңы»	Сюжетті-рөлдік драмалау ойындары Әңгімелесу Мультфильм қарау	XI	Топ тәрбиешілері

4.	1.Баяндама: «Балалардың жас ерекшеліктеріне сипаттама». 2.Жаңа жылға дайындық 3.«Көңілді қыс» суреттер және қолөнер заттары ата-ана мен баланың бірлесе жасаған жұмыстары.	Баяндама Пікірлесу Көрме	XII	Қалабазарова Д.А. тәрбиеші Ата-аналар комитеті, тәрбиешілер. Топ тәрбиешілері
5.	1. «Алақай қыс келді» 2. «Қар қиыршығы»	Отбасылық сайыс Танымдық, эксперименталдық іс	I	Дене тәрбиесінің нұсқаушысы Айнұр Жанатовна
6.	1.«Ханталапай», «Сақина салу», «Ақ сүйек» 2. «Жаңа өмір сыйлайық!» 3.Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі. 4.Дәрумендердің бала ағзасына қажеттілігі. 5.Наурыз мерекесіне дайындық	Ұлттық ойындар Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдарының көрмесі Баяндама Пікірлесу	II	Топ тәрбиешілері Қалабазарова Д.А БурхановаЗ.Т. мед. бике Топ тәрбиешілер
7.	1. 8 наурыз мерекесі 2.«Көктемгі әсем гүлдер» суреттер және қолөнер заттары ата-ана мен баланың бірлесе жасаған жұмыстары. 3. 22 наурыз мерекесі	Ертеңгілік Көрме Ертеңгілік	III	Топ тәрбиешілері және музыка педагогы Топ тәрбиешілері және музыка педагогы
8.	1.«Мен ғарышкер боламын» 2. «Ғарыш әлемі»	Кеңейтілген ойын іс әрекеті Көрме	IV	Топ тәрбиешілер Топ тәрбиешілер
9.	1.«Бірлігіміз жарасқан елміз» 2. «Ел қорғайтын ер болам»	Тақырыптық оқу қызметі Тақырыптық сағат	V	Топ тәрбиешілер Топ тәрбиешілер

№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы МКҚК

Тақырыбы: « Білім күні – құтты күн! »



Тәрбиешілер: Калабазарова Д.А.

Асан А.А.

Ақтөбе қаласы 2025ж

Тақырыбы: « Білім күні – құтты күн! »

Тобы: Ересек топ

Мақсаты:

Балаларға білімнің маңызын түсіндіру, қызығушылық ояту.

Топта ұйымшылдықпен ойнауға, бір-бірін тыңдауға тәрбиелеу.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

I. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін біз үшін ерекше күн. Бұл күнді қалай атаймыз?

Балалар:

– Білім күні!

Тәрбиеші:

– Дұрыс айтасыздар! Білім күні – мектеп пен балабақшаға оралып, жаңа ілім-білім алатын күн. Ендеше, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй сыйлайық.

Ойын «Жүрекшені сыйлайық»

Балалар бір-біріне жүрекше қағаздар таратып, жылы сөздер айтады («Сен мейірімдісің», «Сен ақылдысың»).

II. Ғажайып сәт

Кенеттен есік қағылады.

Кейіпкер – «Білім ханзадасы» (ертегідегі сиқырлы кейіпкер, қолында кітап ұстап келеді).

Білім ханзадасы:

– Сәлем, балалар! Мен сендерді білім әлеміне саяхатқа шақыруға келдім. Бірақ жолымызда түрлі тапсырмалар мен ойындар бар. Дайынсындар ма?

Балалар:

– Иә, дайынбыз!

III. Негізгі бөлім

1. Қызықты ойын «Кім тез табады?»

(Интерактивті тақтадан немесе суреттерден мектеп құралдары көрсетіледі: мектеп, сөмке, тақта.)

Енді балалар, алдарымызда тұрған көнекіліктерден осы құралдарды құрайық.
(лягушка ойыны)

Тәрбиеші:

– Балалар, суреттерге қараңдаршы. Бұл заттар бізге не үшін керек?

Балалар:

– Оқуға, білім алуға, оқу құралдарды салуға.

2. Қимылды ойын «Білім пойызы»

Балалар қатарға тұрып, пойыз болып жүреді. Тәрбиеші түрлі аялдамалар атайды:

«Ән аялдамасы» – балалар ән айтады.

«Қимыл аялдамасы» – қимылды ойын орындайды.

«Сұрақ аялдамасы» – жұмбақ шешеді.

Сұрақтар:

1. Суретті немен саламыз?
2. Жазуды немен жазамыз?
3. Ертегіні неден оқимыз?

3. Шығармашылық жұмыс «Менің білім күнім»

Балаларға түрлі-түсті қарындаш, фломастер, бояулар беріледі. Әр баланың алдына мектептің суреті (боямақ) балалар бояйды.

Тәрбиеші:

– Балалар, суреттерің өте әдемі шықты. Әр сурет – білімге деген сендердің махаббаттарың!

IV. Сергіту сәті

«Көңілді қимылдар» биі (қолды көтеру, шапалақ, еңкею, секіру).

V. Қорытындылау

Білім ханзадасы:

– Балалар, сендер бүгін өте білімді, алғыр екендеріңді көрсеттіңдер. Ендеше мен сендерге сыйлық әкелдім.



Сыйлық: Балаларға тәттілер таратады.

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз білімнің қандай қазына екенін білдік. Сендер әрқашан білімге құштар болыңдар!

Балалар бірге:

– Біз білімді, ақылды боламыз!



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Кеңес

Тақырыбы: «Тұмаудың алдын алу»
№6 «Елік» ересек тобы

Медбике: Бурханова З.Т

Ақтөбе қаласы 2026ж

Тұмаудың алдын алу.

Тұмау – тез таралатын жұқпалы ауру. Балалардың денсаулығын сақтау үшін төмендегі ережелерді сақтаған дұрыс:

Тұмаудың алдын алу жолдары:

Баланы ауа райына сай киіндіру;

Қолды сабынмен жиі жууға үйрету;

Бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалық жүргізу;

Дәруменге бай тағамдар беру (жеміс-жидек, көкөніс);

Таза ауада серуендеу;

Ауырған адамдармен жақын қарым-қатынасты шектеу;

Жөтелгенде, түшкіргенде ауызды жабуды үйрету;

Баланың ұйқысы мен күн тәртібін сақтау.

Егер бала ауырса:

Балабақшаға әкелмей, үйде ем қабылдау;

Дәрігер кеңесіне жүгіну;

Өздігінен дәрі бермеу.

Балалардың денсаулығы – баршамызға ортақ қамқорлық!

1. Дұрыс тамақтану

Баланың күнделікті ас мәзірінде дәруменге бай тағамдар болуы керек. Жеміс-жидек, көкөніс, сүт өнімдері, табиғи шырындар иммунитетті күшейтеді.

2. Таза ауада серуендеу

Баланың күн сайын таза ауада серуендеуі ағзаны шынықтырып, ауруға қарсы тұру қабілетін арттырады.

3. Күн тәртібін сақтау

Баланың уақытылы ұйықтап, жеткілікті демалуына көңіл бөліңіз. Ұйқының қанбауы иммунитеттің әлсіреуіне әкеледі.

4. Ауру адамдардан сақтану

Тұмаумен ауырған адамдармен жақын қарым-қатынас жасауды шектеңіз. Көпшілік орындарда тазалық талаптарын сақтау маңызды.

5. Дәрумендер қабылдау

Дәрігер кеңесімен дәрумендер қабылдап, иммунитетті нығайтуға болады.

Егер бала ауырса:

Баланы балабақшаға әкелмеңіз;

Дәрігер көмегіне жүгініңіз;

Өздігінен ем қолданбаңыз;

Баланың тынығып, жылы сұйықтықты көп ішуін қадағалаңыз.

Ауырмай, аман жүрейік!

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Баяндама

Тақырыбы: «Бала – біздің болашағымыз!».
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиеші: Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2025ж

Бала-біздің болашағымыз

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі-бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл негізгі талаптар-Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы-мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағанның маңызы зор. Бүгінгі күні жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Балабақша-бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Балалық шақ және жасөспірімдік кезең-адам өміріндегі сенім, мінез-құлық сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің басы-отбасы. Отбасында ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары-ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы. Отбасы-тұлға шындалып, шынығып қалыптасатын орын. Отбасы жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Осы қаланған қасиеттер, әдетте, ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да, мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады. Кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады, тіпті, осы тұрғыда психологтардан ақыл-кеңес сұрап та жатады. Алайда, көп жағдайда ондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналар берген тәрбиеден шығып жатады. Өйткені, сол ата-аналардың өздері бұрын түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қатекемшіліктерін түсінбеген ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты танданып жатады. Сондықтан да бала тәрбиесі ата-ананың өздері тәрбиелеуден, өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиесіндегі басты алғышарттардың бірі де осы. Бала тәрбиесі-баршаның ісі.


Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу. Ол-болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ ұрпақ тәрбиеленетін алғашқы ұя-отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің өмір табалдырығын аттағандағы алғашқы еститіні-шешесінің мейірбан сөзі, көретіні-анасының аялы алақаны. Яғни, ата-әженің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Қазірде дүниеге дені сау бала әкеліп, ол нәрестенің өсуіне, жан-жақты жетілуіне, жеті жасқа дейінгі дамуының педагогикалық мүмкіндіктерін айқындап, ата-аналармен бірлескен ынтымақты тәрбие жүйесін қалыптастыру көзделуде. Көрнекті ақын, ойшыл философ Ғұмыр Қараштың «Су басынан тұнады, өрт алдынан сөнеді» деген тұжырымы мен оның келешегі жайында айтылған. Сол тұнық судай мөлдір, пәк те таза, адал да аңғал сәбилеріміздің тәрбиесіне дұрыс көңіл аударып, оларды сөз әдебін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге дағдыландыру-әрбір ата-ананың міндеті. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай,

келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атаның даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Қазір қоғам ата-анадан өмірді бағалайтын бала тәрбиелеуді талап етіп қоймайды, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетін терең сезіне білетін бала тәрбиелеуді талап етеді.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасына тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның алар орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Әсіресе, балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай балабақшаға барғаны жөн. Өйткені бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә. Міне, біздің кішкентай ботақандарымыз тіл шұрайының шырын балын татып өссе екен дейміз. Бүлдіршіндерге үйрететін сөздер қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратындай болуы шарт. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың өз ойын түсінікті, ұғымды жеткізе білуі отбасынан бастап қалыптасады. Оның алғашқы ұстазы-ата-анасы, тетелес ағалары мен әпкелері. Олармен күнбе-күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн санап жетіле береді. Баланың тілі неғұрлым бай болса, ойы да соғұрлым кең болады. Сондықтан бала тілін кішкентай күнінен байытып, ойын кеңейте түсу отбасының, балабақшаның қажырлы еңбегінің арасында жүзеге асады. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ешқашан енжар қарамаған. Олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуды, елінің ертеңін ойлар азамат етуді әу бастан-ақ мұрат тұтқан. Өйткені жас ұрпақ-елдің ертеңі, сондықтан «ұлықты ұл, қылықты қыз» өсіруге ерекше назар аударған. Ұрпақ тәрбиесі бір сәт те естен шықпауы керек. Бүгінгі таңда бала тәрбиесі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бала тәрбиелеуде ата-ана баласына тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс.

Мұндайда балаға өзіміз үлкен боларлықтай амал-әрекетімізді, яғни, әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады. Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады. Қазақ халқында «Баланы бес жасқа патшасындай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» деген тамаша сөз бар. Бұл-мағынаны терең философиялық өмір шындығы. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек.

Қазақтың проблемасы балабақшадан басталады, балабақшаның санын көбейту керек. Балалық шақ-баланың жеке тұлға болып өзін өзі сезінуінің алғашқы сатысы. Баланың сөз әдебі, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы осы мектепке дейінгі жас шағында қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, естігенін, қиялын, ойын тіл арқылы білдіреді. Сондықтан бала тілінің дұрыс дамуына баса назар аударған жөн. Сыпайы, келісті сөз баланың абыройын арттырады, жақтастарын көбейтеді, көптің ықыласына бөлейді. Таза мәнерлі тіл-ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойында тілдік мәдениеті қалыптасады. Бала болашағы-бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халқының, тұтас бір ұлттың бүгіні мен ертеңін жалғастыратын алтын көпірі, асыл мұраты іспеттес.



Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау сауалнамасының қорытынды парағы
2025-2026 оқу жылы

№ 6 «Елітк»	Жалпы бағалар саны		Аз бағалы отбасы		Көп бағалы отбасы		Камкорлыққа алынған бағалар саны
	29	20	20	9	9	31	
		69%				%	
Ата-ананың							
Жасы				Білімі			
Әке 27		Ана 27		Әке 27		Ана 27	
20-25	10	36	%	Орта	17	61	%
26-35	17	61	%	Жоғары	16	57	%
36-45	1	3	3%	Арнаулы орта	12	41	%
46-55	1	3	3%	Жоғары	17	59	%
20-25	-	-		Арнаулы орта	12	41	%
26-35	15	52	%	Орта	-	-	
36-45	13	45	%	Жоғары	16	57	%
45-55	1	3	3%	Арнаулы орта	12	41	%
Жекес							
тұрғын үй							
18		62		%		Пәтер бар	
3		10		%		Жатпалы пәтерде	
8		28		%		Ата-аналармен бірге	
Балалардың балабақшадан тыс мекемеге қатысуы.							
16		55%		Қатысады			
13		45%		Қатыспайды			
Отбасы құрамы							
26		90%		Толық			
3		10%		Толық емес			
Отбасы жағдайы							
24		83		Жақсы			
5		17%		Орташа			

1 қазан – Халықаралық қарттар күні



1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай ардагерлер мен қарттарға құрмет көрсету, олардың өмірлік тәжірибесіне, еңбегіне алғыс білдіру. Қарттарға қуаныш пен мерекелік көңіл күй сыйлау, сыйлықтар табыстау арқылы оларға қоғам назарын аудару. Сонымен қатар, тәрбиеленушілердің бойына үлкенді сыйлау, ізет көрсету, мейірімділік пен қамқорлық секілді адами құндылықтарды қалыптастыру.



«Күзгі жәрмеңке» мерекесінің мақсаты

Балаларға күз туралы түсінік беріп, көкөністердің пайдасын ұғындыру. Күз мезгілінің берекелі, молшылық айы екенін балаларға айтып жеткізу. Балаларды әсемділікке, еңбекқорлыққа баулу, тағатқа деген қызығушылығын арттыру.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін дәріптеу, жәрмеңке арқылы ұлттық салт-дәстүрге қызығушылық ояту.

Балалар мен ата-аналардың бірлігін нығайту, ортақ іс-шараға белсене қатысуға ынталандыру.

Көңілді ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулықтарын нығайту.



«Күз сыйы» жәрмеңкесі топтар арасында өте қызықты өтті.



№41 «Назерке» бөбөкжай- балабақшасы

Тақырыбы: Қазақстан – біздің мақтанышымыз!



Тәрбиешілер: Қалабазарова Д.Ә.

Асан А.А.

Тақырыбы: « Қазақстан – біздің мақтанышымыз!»

Мақсаты:

Балаларға Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру;

Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру;

Тәуелсіздік пен бірліктің маңызын түсіндіру;

Өнерге, ән мен биге қызығушылықтарын дамыту.

Ертеңгіліктің барысы

1. Кіріспе бөлігі

(Залда әуезді музыка ойнап тұрады. Балалар сахнаға шығады.)

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз бәріміз үшін ерекше мереке – Республика күнімен жиналып отырмыз. Бұл – біздің Отанымыздың мерекесі, Қазақстанның мерейлі күні.

Балалар хорымен:

Қазақстан – елім менің,

Кең байтақ жерім менің!

Республика күнімен,

Құттықтайды бөбегің!

2. Ғажайып сәт (Кейіпкердің келуі)

Залға «Болашақ» атты кейіпкер (қолында көк туы бар қуанышты бейне) кіреді.

Болашақ:

– Сәлем, балалар! Мен – сендердің жарқын болашақтарыңмын. Республика күні – әрбір қазақ баласы үшін мақтаныш! Ендеше, бүгінгі мерекеде сендердің өнерлеріңді көргім келеді. Және де мен Астанамыздың қазіргі бейнесін көргім келеді.

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе, Болашақ! Біздің балалардың өнерін тамашалауға қош келдің! Кел балалардың өнерін тамашала .Ал Астананы көргің келсе оныда біздің балалар көрсетеді бірақ сәл кейінірек.

Ал ендеше балаларымыздың дайындығын әнін тыңдайық!

Ән: «Менің Отаным»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар!

Қуанышты күнің көп болсын!

Тыныш елде көңіліміз тоқ болсын

Өнерлерін көрсетіп балалар,

Еркелейтін ,ойнайтын күн көп болсын! –дей отыра кезекті тақпақтарға береміз.

1-бала:

Айтар әнім, сөйлер сөзім,

Туған жерім сағынарым.

Мәңгі – бақи шырқалады,

Республикам, Әнұраным!

2-бала

Жарасқан байрақтың мәні бар,

Көк аспан, көк қыран сәні бар.

Көк байрақ ашық көк кеңісің

Алтын күн – белгісі жеңістің.

3-бала

Отан – сенің ата – анаң,

Отан – досың,бауырың.

Отан – өлкең,астанаң,

Отан – аудан, ауылың!

4-бала

Отан – атам, Отан – әкем,

Осы сөзім қате мекен?

Қате болса неге біздер

Дейміз оны атамекен.

5-бала

Ақжайық ,Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Бейбіт жатқан кең далам,

Республикама қарашы!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар!

Кезекті көңілді биге берейік!

Би: Қазақтың ұлттық биі (қыздар камзол, ұлдар шапан киіп шығады).

Болашақ: Өнерлерің өрге жүзсін, балалар! Керемет өнерлі екенсіңдер. Сендердің болашақтарың керемет екені айтпасада белгілі. Қазіргі Астананың түрі қандай екен-ай?

Тәрбиеші: Егемен елдің Астанасы қандай болушы еді. Біздің Астана өте әдемі. Оның әдемілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оданда ойын ойнайық. Балалар, сізге Астананың суреттерін құастырып көрсететін болады.

4. Ойын бөлімі

Ойын: «Астана қаласын құрастыр»

Ойынның шарты:

Әт топқа үш бала шығады. Столда тұрған пазылдардан Астанаты құрайды.

Тақпақтар:

6-бала:

Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің Қазақстан.

Мәңгі соғып тұратын

Жүрегімсің Қазақстан!

7-бала

Аспан түстес көгілдір,

Тік бұрышты матаның.

Ортасында төгіп тұр,

Күн жаяды шапағын.

Астында оның қалқыған,

Қыран құстың бейнесі.

Азат елдің шалқыған,

Көңілі деп білерсің.

8-Толтырған гүлге даланы,
Жайнатқан ауыл, қаланы.
Ардақты атамекенім,
Отаным – Қазақстаным!

9-бала

Гүл жайнаған Астанам,
Қазақстан отаным.
Бірін – бірі сыйлаған,
Туысқандар отаны.

10-бала

Отан – асыл анамыз,
Ана сүтін ақтаймыз.
Есейгенде ел болып,
Елді мәңгі сақтаймыз.

Тәрбиеші: Керемет, балалар! Қандай әсем де ,көркем етіп орындадыңдар!

Біздің бақыт балалар,
Шығады олардан даналар.

Биші болар әдемі

Біздің биші балалар!

Би « Қара жорға»

6. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін сендер өз өнерлеріңді көрсетіп, Республика күніне деген сүйіспеншіліктеріңді білдірдіңдер. Еліміз аман, көк туымыз биік болсын!

Барлық балалар хормен:


– Қазақстан жасасын!

Ән « Әнұран » айтылып, мереке аяқталады.



№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы: Жол және балақайлар



Тәрбиешілер: Қалабазарова Д.Ә.

Асан А.А.

Тақырыбы: Жол және балақайлар.

Мақсаты:

Балаларға жолда жүру ережесін үйрету, өз қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру, жолдағы тәртіп пен мәдениетті бойына сіңіру.

Көрнекіліктер: Бағдаршам, жол белгілері, макет-көше, көлік ойыншықтары, «жол полициясы» формасы, балаларға арналған рөл белгілері.

Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз қызықты қалаға саяхатқа шығамыз. Ол қала – «Қауіпсіз жолдар елі».

Бірақ бұл елге кіру үшін бір шарт бар — жол ережесін білетіндер ғана өте алады. Балалар, біз жол ережесін білуіміз шарт. Жолда әр қашан абай болуымыз қажет.

(Сол сәтте музыка қосылады. Есіктен ертегі кейіпкері – Балақай кіріп келеді.)

Балақай:

– Сәлем, достар! Мен балабақшаға өзім барып көргім келді. Бірақ көшеде машиналар көп, қалай өтемін білмей қалдым.

Тәрбиеші:

– Уайымдама, балалар саған көмектеседі! Біз бәріміз жол ережесін жақсы білеміз.

(Тақтада жол белгілері көрсетіледі.)

Негізгі бөлім

Ойын – «Белгіні тап» (Танымдық дағды)

Тәрбиеші түрлі белгілер көрсетеді:

Жаяу жүргінші өткелі

○ Токта

△ Қауіпті бұрылыс

■ Автотұрақ

Балалар белгінің мағынасын айтып, рөлдік мини-көрініс арқылы көрсетеді.

Мысалы:

– «Жаяу жүргінші өткелі» белгісі тұрса, не істейміз?

(Балалар қол ұстасып, жолдан өтіп көрсетеді.)

Сахна: «Бағдаршаммен кездесу» (Коммуникативтік және әлеуметтік дағды)

Бағдаршам келеді.

– Менің үш көзім бар: қызыл, сары, жасыл.

– Қызыл жанғанда – тоқта,

– Сары жанғанда – дайындал,

– Жасыл жанғанда – жүр!

Балақай:

– Рахмет, енді мен сенің түстеріңді білемін!

Сергіту сәті:

Серуенге біз шығамыз, (Орындарынан тұрады)

Қызыл жанса тұрамыз. (Екі қолыменен тұру белгісін көрсетеді)

Сары түсте дайындалып, (Басын оңға-солға бұрады)

Жасыл жанса жүреміз. (Аяқтарымен жүрген кейіп танытады)

Тәрбиеші: Жарайсындар , балалар! Сендер бағдаршамның қай түсінен өтуге болатынын , ал қай түсінен өтуге болмайтынын білесіндер.

Қимылды ойын: «Жолда жүру» (Дене дағды)

Ойын алаңына жол макеті қойылады.

Балалар – жаяу жүргіншілер, бір бала – жүргізуші рөлінде.

Бағдаршам түстеріне сәйкес балалар жүреді, тоқтайды, өтеді.

Ойын фонында көңілді музыка ойналады.

Шығармашылық сәт: «Арманымдағы қауіпсіз қала» (Шығармашылық дағды)

Балалар түрлі түсті қағаздан, стикерден жол белгілерін, бағдаршам, көше мен үйді жабыстырып, ортақ плакат жасайды.

«Сенің қаланда балалар өтетін жол бар екен, өте тамаша!»,

«Мына жерде көлікке арналған орын бар, жарайсың!»

Сюжеттік ойын: «Полиция көмегі» (Әлеуметтік дағды)

Кейіпкерлер: Полиция, балақай, көлік жүргізушісі.

Оқиға:

Балақай жолдан жүгіріп өтпек болады.

Полиция тоқтатады.

Полиция:

– Балам, жолда асығуға болмайды. Қызыл түсте тоқтаймыз.

Балақай:

– Кешіріңіз, енді ондай істемеймін!

Жүргізуші:

– Дұрыс, бәріміз ережені сақтасақ, апат болмайды.

Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

– Балалар, Балақай енді жолда не істеу керек екенін үйренді ме?

– Біз нені білдік бүгін?

– Ережені не үшін сақтау керек?

Балалар:

– Өмірімізді сақтау үшін!

– Қауіпсіз болу үшін!

Әнмен аяқтау: «Жолда жүру ережесін білейік!»



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Балалардың жас ерекшеліктеріне сипаттама»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2025ж

Балалардың жас ерекшеліктеріне сипаттама

Төрт жастан бес жасқа дейінгі - бұл мектепке дейінгі орта жас. Бұл бала өміріндегі өте маңызды кезең. Бұл бала денесінің қарқынды дамуы мен өсу кезеңі. Бұл кезеңде баланың мінезі айтарлықтай өзгереді, танымдық және коммуникативті дағдылар белсенді түрде жетілдіріледі. Федералды мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес 4-5 жастағы балалардың нақты жас ерекшеліктері бар, оны ата-аналар мектеп жасына дейінгі баланың дамуы мен тәрбиесі үйлесімді болатынын білуі керек. Бұл дегеніміз, бала есейген сайын әрдайым өз құрбыларымен ортақ тіл табады. Дене дамуының ерекшеліктері

Орта мектепке дейінгі жаста баланың физикалық мүмкіндіктері едәуір артады: үйлестіру жақсарады, қозғалыстар барған сайын сенімді бола бастайды. Сонымен бірге үнемі қозғалыс қажет. Қозғалтқыш белсенді дамып келеді, жалпы, мектепке дейінгі жастағы бала жасөспірімдерге қарағанда ептірек және жылдам болады. 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері физикалық жүктемені шамадан тыс болмайтындай мөлшерлеу керек екенін ескеру қажет. Бұл осы кезеңде бұлшықеттер тез болса да, біркелкі емес өсетіндігімен байланысты, сондықтан бала тез шаршайды. Сондықтан сәбилерге демалуға уақыт беру керек.

Дене дамуының қарқынына келетін болсақ, олар 4 жастан 6 жасқа дейін айтарлықтай өзгермейді. Орташа алғанда, бала жылына 5-7 см өседі және 1,5-2 кг салмақ қосады. Бала денесінің барлық мүшелері мен жүйелері өсіп, дамиды. Баланың психикалық дамуы

4-5 жасында әртүрлі психикалық процестер тез дамиды: есте сақтау, зейін, қабылдау және басқалары. Маңызды ерекшелігі - олар саналы, ерікті бола бастайды: еріктік қасиеттер дамиды, бұл болашақта қажет болады.

Қазіргі кездегі балаға тән ойлау түрі визуалды-бейнелі болып табылады. Бұл дегеніміз, жалпы балалардың іс-әрекеті практикалық, тәжірибелі сипатта болады. Олар үшін айқындық өте маңызды. Алайда, олар өскен сайын ойлау жалпыланып, мектепке дейінгі жасқа қарай біртіндеп вербалды-логикалық ойлауға айналады. Жад көлемі едәуір артады: ол қазірдің өзінде кішкентай өлеңді немесе ересек адамның нұсқауын жаттай алады. Зейіннің кездейсоқтығы мен тұрақтылығы жоғарылайды: мектеп жасына дейінгі балалар кез-келген іс-әрекетке қысқа уақытқа (15-20 минут) шоғырлана алады.

4-5 жас аралығындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиешілер баланың өнімді жұмыс істеуі мен үйлесімді дамуына жағдай жасай алады. Ойынның рөлі

Ойын әрекеті әлі күнге дейін нәресте үшін басты болып табылады, дегенмен, бұл ерте жасқа қарағанда күрделене түседі. Қарым-қатынасқа қатысатын балалар саны артып келеді. Тақырыптық-рөлдік ойындар пайда болады. 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері олардың бір жыныстағы құрдастарымен қарым-қатынас жасауға бейім болатындығы. Қыздар отбасылық және күнделікті тақырыптарды жақсы көреді (қыз-аналар, дүкен). Ер балалар матростарда, әскери, рыцарьларда ойнағанды жөн көреді. Бұл кезеңде балалар алғашқы жарыстарды ұйымдастыра бастайды, жетістікке жетуге тырысады. Шығармашылық шеберлік

Орта мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылық қызметтің әр түрін меңгеруге қуанышты. Бала ертегілерді модельдеуді, қолдануды ұнатады. Графикалық белсенділік негізгілердің біріне айналады. Федералды мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес 4-5 жас аралығындағы балалардың жас ерекшеліктері осы кезеңде

мектеп жасына дейінгі баланың ұсақ моториканы меңгергендігін көрсетеді, бұл оның егжей-тегжейлі сурет салуға және бөлшектерге көп көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Сурет шығармашылық өзін-өзі көрсету құралдарының біріне айналады.

Орташа мектеп жасына дейінгі бала кішкентай ертегі немесе ән құрастыра алады, рифмалардың не екенін түсініп, оларды қолдана алады. Жарқын қиял мен бай қиял сіздің бойыңызда немесе ақ қағазда бүкіл ғаламды құруға мүмкіндік береді, мұнда бала өзі үшін кез-келген рөлді таңдай алады.

Сөйлеуді дамыту

Орта мектепке дейінгі кезеңде сөйлеу қабілеттері белсенді дамиды. Дыбыстың айтылуы айтарлықтай жақсарады, сөздік қоры белсенді түрде өсіп, екі мыңға жуық сөзге жетеді. 4-5 жастағы балалардың сөйлеу жас ерекшеліктері олардың өз ойларын нақтырақ айтуға және құрдастарымен толық қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Бала қазірдің өзінде осы немесе басқа объектіні сипаттай алады, оның эмоциясын сипаттайды, шағын көркем мәтінді қайталайды, ересек адамның сұрақтарына жауап береді. Дамудың осы кезеңінде балалар тілдің грамматикалық құрылымын игереді: олар предлогтарды түсінеді және дұрыс қолданады, күрделі сөйлемдер құруды үйренеді және т.б. Бірізді сөйлеу дамиды. Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас

Орта мектепке дейінгі жаста құрдастармен байланыс бірінші орынға ие. Егер бұрын балаға ойыншықтар мен ата-аналармен байланыс жеткілікті болса, енді оған басқа балалармен қарым-қатынас қажет. Әріптестерді тану мен құрметтеу қажеттілігі артуда. Қарым-қатынас, әдетте, басқа әрекеттермен (ойын, бірлескен жұмыс) тығыз байланысты. Бала ең ықыласпен сөйлесетін алғашқы достар пайда болады.

Балалар тобында бәсекелестік және алғашқы көшбасшылар пайда бола бастайды. Әдетте құрдастарымен қарым-қатынас ситуациялық сипатта болады. Ересектермен қарым-қатынас, керісінше, нақты жағдайдың шеңберінен шығып, алшақтатылады. Бала ата-аналарды сарқылмайтын және беделді жаңа ақпарат көзі деп санайды, сондықтан оларға әр түрлі сұрақтар қояды. Дәл осы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалар мадақтаудың ерекше қажеттілігін сезінеді және түсініктемелерге ренжиді, егер олардың әрекеттері байқалмаса. Кейде ересек отбасы мүшелері 4-5 жастағы балалардың осы жас ерекшеліктерін байқамайды. Ата-аналарға арналған мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешілері мен психологтары құрастырған жаднама баламен дұрыс және жемісті қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Эмоциялық ерекшеліктер Осы жаста эмоциялар сферасының айтарлықтай дамуы байқалады. Бұл алғашқы жанашырлық пен сүйіспеншіліктің, тереңірек және мағыналы сезімдердің уақыты. Бала өзіне жақын ересек адамның көңіл-күйін түсіне алады, жанашырлыққа үйренеді. Балалар мақтауға да, пікірге де өте эмоционалды, олар өте сезімтал және осал болып келеді. 5 жасында бала гендерлік және гендерлік мәселелерге қызығушылық таныта бастайды.

Жоғарыда айтылғандай, осы кезеңнің ерекшеленетін белгілерінің бірі - қиял, қиял. Бұл әртүрлі қорқыныш тудыруы мүмкін екенін ескеру керек. Бала ертегі кейіпкерінен немесе елестететін құбыжықтардан қорқуы мүмкін. Ата-аналарға қатты алаңдаудың қажеті жоқ: бұл проблема емес, тек 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері. Психология мұндай қорқынышпен күресудің көптеген әдістерін біледі, бірақ бұл уақытша қиындықтар екенін ұмытпаған жөн, егер олар уақыт өте келе жойылатын

болса, егер ата-аналар оларға назар аудармаса немесе оларды білім беру мақсатында балаға қарсы қолданбаса. 4-5 жастағы балаларды оқыту

Мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлері сабақ беру кезінде 4-5 жастағы балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескереді. Қазіргі кезде қолданылып жүрген «Туғаннан мектепке» бағдарламасы бойынша басты назар тұлғаны қалыптастыруға және жан-жақты дамытуға аударылады.

Сонымен бірге балалармен тақырыптық сабақтар өткізіледі, олар ұжымда, үйде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіреді, қауіпсіздік, сөйлеу тілі дамиды, гигиеналық дағдылар жетілдіріледі және т.б. Бұл жағдайда білім беру процесі ойынға негізделген. Осылайша, мұғалімдер баланы 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қол жетімді және тартымды қызмет түрі арқылы жаңа ұғымдар мен ережелермен таныстырады. Жол ережелеріне сәйкес, мысалы, ойын сабақтарын өткізуге болады, мұнда жол ережелері поэтикалық түрде беріледі, түсінуге және есте сақтауға оңай. Сондай-ақ, осы жаста баланың ой-өрісі мен қоршаған әлем туралы білімін кеңейту қажет. Тәрбие

Осы жастағы балалардың тәрбиесі туралы айта отырып, осы кезеңде мінездің айтарлықтай өзгеретінін есте ұстаған жөн. Үш жылдық дағдарыс қауіпсіз өтеді, ал бала бұрынғыға қарағанда әлдеқайда мойынсұнғыш және сергек болады. Дәл осы уақытта балалар ата-аналарымен толық қарым-қатынасты қажет етеді. Қатаң айтқанда, бұл тәрбиенің негізі. Ересектердің қазіргі кездегі негізгі қызметі - мүмкіндігінше егжей-тегжейлі түсіндіру және жеке мысалда көрсету. Бала бәрін губка тәрізді сіңіреді, ашушының қызығушылығымен ол жаңа білімге ұмтылады. Ата-аналар көптеген сұрақтарды мұқият тыңдап, оларға жауап беруі керек, өйткені отбасында балалар қоршаған әлем және ондағы орны туралы алғашқы білімді алады. Енді адамгершілік қасиеттерді бойына дарыту, балада мейірімділікті, сыпайылықты, жауаптылықты, жауапкершілікті, еңбек сүйгіштікті дамыту қажет. Бұл кезеңде баланың алғашқы достары бар, сондықтан құрдастарымен қалай сөйлесуге болатынын үйрету өте маңызды: көнуге, олардың мүдделерін қорғауға, бөлісуге. Мектепке дейінгі баланың рөлі

Тәрбиедегі ең жақсы жетістікке отбасы мен мектепке дейінгі мекеме арасындағы тығыз және сенімді ынтымақтастық жағдайында қол жеткізуге болатындығын атап өту керек, өйткені балабақша ұжымы 4-5 жас аралығындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескереді. Ата-аналарға кеңес беру - осындай өзара әрекеттесу тәсілдерінің бірі. Ересек отбасы мүшелері балаларын жақсы түсіну үшін психология бойынша кем дегенде минималды дайындықтан өтуі керек. 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктерін сипаттайтын тағы бір әдіс - ата-аналар жиналысы. Онда тәрбиешілер мен балалар психологы ересек отбасы мүшелерімен бірге білім берудің негізгі принциптерін белгілеп, барлық қызықты және даулы мәселелерді талқылай алады.

Отбасы ең маңызды Тәжірибелік балалар психологтарының пікірінше, отбасы баланың жеке басын дамытуда шешуші рөл атқарады. Ата-аналар арасындағы қарым-қатынас - өсіп келе жатқан нәресте ең алдымен оны көреді, бұл оның стандартты жалғыз деп санайды. Сондықтан баланың үлкендердің алдында лайықты өнегесі болуы өте маңызды. Ата-аналар мектеп жасына дейінгі жаста мейірімділік, әділеттілік, шыншылдық сияқты қасиеттер дамып, өмірлік құндылықтар мен мұраттар қойылатынын ұмытпағаны жөн. Сондықтан 4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Мінездің жеке қасиеттерін дамытуға көмек

мектеп жасына дейінгі баланың жынысына және отбасындағы ересектердің рөліне сәйкес жүзеге асырылуы керек. Сонымен, анасы баласын ортақ тіл табуға, ымыраға, сүйіспеншілікке, қамқорлық пен сүйіспеншілікке ұмтылуға үйретеді. Әке - тәртіпті, қорғауды бейнелейтін тұлға, ол өмірдің алғашқы ұстазы, ол күшті және мақсатты болуға көмектеседі. Отбасы ішіндегі қатынастар бала тәрбиесіне және оның кейінгі өміріне әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Кеңейтілген оқу қызметі
Тақырыбы: «Туған жерім – тұғырым»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиеші: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2025ж

Тақырыбы: «Туған жерім - тұғырым»

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берулерін қадағалау.

Көрнекіліктер: Қазақстан Республикасының туы, елтаңбасы, әнұраны.

Тәрбиеші: 16 желтоқсан – барша қазақстандықтар үшін ерекше күн. Бұл күні біз еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнін атап өтеміз.

Әнұран елімнің
Шақырады бірлікке,
Егеменді халқымның,
Болашағы бірлікте.

Бәрі тік тұрып Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орындаймыз.

Балалар, біз аспаны ашық, сәулелі, кең, байтақ елде тұрамыз. Ол ел- Қазақстан

Республикасы. Біздің Отанымыз – тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Біз қай тілде сөйлейміз?

Қазақ

Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

Қазақстан Республикасы.

Қазақстан қандай мемлекет ?

Егеменді, тәуелсіз мемлекет.

Елбасымыз кім?

Қасым Жомарт Тоқаев

Елорда бас қаламыз қай қала?

Астана қаласы.

Ал өзіміз қандай қаланың жанында тұрамыз?

Ақтөбе қаласы.

Ал Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?

Татар, өзбек, корей, шешен, қырғыз, орыс т.б

Олармен біз қалай тұрамыз?

Тату тұрамыз.

Ал бүгінгі өткізіп жатқан шарамыз қандай мерекеге арналып жатыр?

Балалар: Қазақстанның тәуелсіздік алған күніне

Тәрбиеші: Дұрыс балалар өте жақсы жауаптар бердіңдер. 16 желтоқсан Қазақстанның тәуелсіздік алған күні. Ол күнді біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз.

Тәрбиеші: Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс.

Тәрбиеші: Дұрыс, қыс. Қыс айларын атайық.

Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс бізде 3 ай қонақта болады.

Тәрбиеші: Кім айтады біздің еліміз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: Есімізге түсірейікші Туымыздың түсі қандай? Мына суретте не бейнеленген.

Балалар: Көк ту.

Тәрбиеші: Көк ашық аспанды білдіреді. Қыран құс – еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің белгісі.

Ою – өрнек қазақ халқының өнерінің, шеберлігінің белгісі.

Балалар мынау не?

Балалар: Елтаңба.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар.

Бұл Қазақстан Республикасының Елтаңбасы.

Шаңырақ – Қазақстан атты үйіміздің жарық түсетін саңлағы.

Арғымақ – еркіндіктің белгісі. Масақ – тоқшылықтың белгісі.

Жұлдыз – жол сілтеуші жарық белгі.

Мынау Әнұран. Кәне, енді маған қарап отырындар.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы

Лаула, лаула! Желтоқсанның мұзғажакқан алауы.

Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің.

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Ән: « Отанның жас өркені »

Балалар Тәуелсіздікке арналған тақпақтарымызды айтайық.

Тәуелсіз күн — ақ таңым,

Жарқырайды шат жаным.

Көк туымды көтеріп,

Мақтанамын, Қазақстаным.

Желтоқсан — ардақ күн,

Шаттанамыз барда бұл.

Елім үшін бақытты,

Бейбіт күндер жалғассын. Айдай

16-сы — той күні,
Қуанышқа толды үні.
Тәуелсіз ел — менің ел,
Жасай берсін кең күні!

Бабамның да арманы,
Осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары
Бақ береді баршаға
Қазақтың жері кең байтақ
Бабамның берген еншісі.
Желбірей бер көк байрақ
Отанымның белгісі.

Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Дидактикалық ойын: «Ою-өрнек, алаша»

Балалар: «Мен Отанымды сүйемін!» жылулық шеңберімен аяқтайды.

- Мен өз мемлекетімді мақтан тұтамын!
- Мен өз Отанымды шексіз сүйемін!
- Мен өз Отанымның бақытты ұланымын!

Тәрбиеші: Балалар, көрдiңдер ме, Біздің елге, жерге деген құрметімізді, сендер келешекте мықты азамат боласындар. Біз сендерге сенеміз. Осымен «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты кеңейтілген іс-әрекетімізді аяқтаймыз. Мереке құтты болсын!



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Төрлет, жаңа жыл!»

№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиеші: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2025ж

Тақырыбы: «Төрлет, жаңа жыл!»

Балалар музыкамен залға кіріп қимыл – қозғалыс орындайды.

Жүргізуші: Құрметті ата - аналар, әріптестер сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүрегімізден құттықтаймыз!
Жаңа жыл әр біріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін.
Далада аппақ қарлар үлбіреген,
Қуаныш келе берсін күлімдеген,
Сіздерді бақыт тілеп құттықтаймыз,
Алдағы келе жатқан жаңа жылмен дей келе «Елік»тобының
«Төрлет, жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Балалар (хормен): Жаңа жыл құтты болсын!

Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда бір
Жарқын – жарқын ән салып,
Жалғасады жырға жыр.

Ән: «Аққала»

(Аққала асыға кіреді)

Аққала: Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Мен — аппақпын, тап-тазамын,
Қыстың сәні боламын.
Бірақ көңілім біртүрлі,
Айтайын бір жаңалығымды...

Жүргізуші: Айта ғой, Аққала, не болды?

Аққала: Аяз ата келе алмай жатыр...
Өйткені сиқырлы сағат жоғалып кетті!

Балалар: Ой!

Аққала: Ал ол сағат болмаса,
Жаңа жыл да кешігеді!

Жүргізуші: Аққала сен мұнай ма, қазір біздің балалар саған көмектеседі.
Ендеше бүлдіршін, бишілерді шақырайық
Қошеметпен, құрметпен қарсы алайық
Балапандарым ырғалтып би билесін,
Қол соғып биік шыңға самғатайық.

Би: « Аққала»

Аққала: Жарайсыңдар балалар!
(Түлкі музыкамен кіреді)

Түлкі: Сәлем, балалар!
Кінә менде...
Мен орманда ойнап жүріп,
Сиқырлы сағатты жоғалтып алдым...

Жүргізуші: Түлкі қай жерде жоғалттың?

Түлкі: Ән айтып, би билеп,
Шырша жанында ойнап едім.

Жүргізуші: Балалар, Түлкіге көмектесеміз бе?

Балалар: Иәәә!

Жүргізуші: Ендеше, балалар,
Көңілді ойын ойнайық!

Ойын: «Сыйлықты қағып ал»

Түлкі: Жарайсындар балалар!
(Сағаттың даусы естіледі)

Түлкі: Міне, сағаттың дыбысы естілді!
Таптым! Шыршаның түбінде екен!

Аққала: (қуанып) Ой, қандай керемет! Ендеше Аяз ата мен Ақшақарды қуантып
сағатты табыстайық. (Аққала мен Ақшақар шығып кетеді)

Барлығы: Аяз-ата, Ақша қар (3 рет)
(Ортаға Аяз атамен Ақшақар келеді.)

Аяз-ата: Құтты болсын жаңа жыл
Келген жаңа жылдарың
Алаңдамай өсіңдер
Еркелеп қыз-ұлдарың
Өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем
Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?
Ал мен кіммін айтыңдаршы
Мені тани алдыңдарма?

Балалар: Аяз-ата!

Ақшақар: — Сәлеметсіңдерме балалар Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармен арайлы
Жалт-жұлт еткен жүзіммен
Күміс сәуле тарайды
Ақшақармен аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнімін жырмын тақпақпын.

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар қош келдіңіздер.

Жылқының дыбысы естледі.

Аяз ата: О,-о, бұл қандай таныс дыбыс балалар?

Балалар: Жылқының дыбысы.

Аяз ата: Олай болса мен сиқырлы таяғыммен Жаңа жылымыз жылқы жылын шақырайын.

Ақ қардай таза ниетпен,

Сиқырлы таяқ, жарқыра!

Жылқы жылын қарсы алып.

Экраннан жылқының құттықтау сөзі.

Ақшақардың сөзі

Аяз ата: Шыршамызды жағайық!

Барлығы: Бір, екі, үш —

Шырша, жан!

(Шырша шамдары жанады)

Жүргізуші: Балаларымыздың әсем әні де, биі де бар

Біздің балалардың өнерін тамашалаңыз.

Сізге арнап балаларымыздың әсем әндерін қабылалыңыз.

Ән: «Аяз ата»

Би: «Ақшақар»

Жүргізуші: Аяз ата, балаларымыз сізге шын жүректен жаттаған өлең шумақтарын айтып береді.

Тақпақтар:

Рами: Аппақ таңға оранып,
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.
Бізбен бірге ойнайды
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойлайды.

Ақтөре: Аппақ қар да жауады,
Ақ мамыққа толады,
Аяз ата келеді,
Сыйлықтарын береді.

Миралем: Аяз ата жол салып,
Ақ боранмен алысқан.
Балаларға базарлық,
Алып келді алыстан

Сүлеймен: Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз – ата оралып.

Бөкейхан: Ақ таяғын таянып,
Таңмен бірге оянып.
Аяз ата келіп тұр,
Ақ көрпеге оранып.

Аяз ата: Жарайсындар балалар, сендер шетінен өнерлі екенсіңдер.
Менде сендерге құр қол келген жоқпын, ойын алып келдім.

Ойын: «Аяз ата» (ата – аналармен ойын)

Жүргізуші: Шырша жайлы әнін бізге
Нәзік үнмен жеткізер,
Қошеметпен қарсы алайық
Аянатты ортаға!

Жеке ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Жаңа жыл келді бізге
Қуаныш сыйлап бәрімізге.
Балаларым ортаға
Тақпақ айтып шықпақшы.

Тақпақтар:

Ханшайым: Жаңа жылмен, жаңа жылмен,
Құттықтаймыз әрине.
Әкемізді, анамызды
Қонақтардың бәрін де!

Әли: Міне, тағы тұр келіп
Жаңа бір жыл, балалар
Жадыратып жер үстін
Төрімізге ол шыққан
Бақыттымыз, сәндіміз
Жаңа жылды сондықтан
Құттықтаймыз бәріміз.

Санжар: Ақ қар жапты даланы.
Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға.

Аделя: Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа-жыл
Ата-әже, ата-әже
Құтты болсын жаңа жыл

Ойын: «Қар қиыршықтары»

Жүргізуші: Би: «Сыйлықтар»

Аяз ата: Балаларым, мен сендерге үлкен рахмет айтқым келеді.

Бүгін сендер ән айтып, би билеп, өте әдемі өнер көрсеттіңдер.

Сендердің күлімдеген жүздерің менің жүрегімді жылытты.

Тату болып, бір-бірлеріңе көмектесіп, нағыз жақсы балалар екендеріңді көрсеттіңдер. Осындай ақылды, тәрбиелі балаларға мен құр қол келмеймін.

Ендеше, сыйлықтарымды қабыл алыңдар!

(Аяз ата балаларға сыйлықтарын таратады)

Аяз ата мен Ақшақар қоштасып шығып кетеді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар,

Мерекеміз аяқталды.

Жаңа жыл баршаңызға

Бақыт, денсаулық, шаттық әкелсін!

Жаңа жылдарың құтты болсын!









№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,
Бала үйдің – мерекесі.
Бұтағымен ағаш сымбатты,
Ұрпағымен адам қымбатты.
ала болсаң балғындай бол.
Айналана қорғандай бол» –

деген кагиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана – баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке танытады.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе? Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады. Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында: «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдану, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу.

Үлкен ұрпақтың тәжірибиесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолдануы ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнермен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан –

Өле-өлгенше соны таныр қиядан.

Өнер – білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан,

Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,

Бала үйдің – мерекесі.

Бұтағымен ағаш сымбатты,

Ұрпағымен адам қымбатты.

ала болсаң балғындай бол.

Айналаңа қорғандай бол» –

деген қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана – баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке танытады.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Дәрумендердің бала ағзасына қажеттілігі»
№6 «Елік» ересек тобы

Медбике: Бурханова З.Т

Ақтөбе қаласы 2026ж

Дәрумендердің бала ағзасына қажеттілігі.

Баланың дені сау болып өсуі үшін дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Өсіп келе жатқан бала ағзасына күн сайын түрлі дәрумендер мен пайдалы заттар қажет. Дәрумендер – адам ағзасының дұрыс өсіп-жетілуіне, иммунитетінің күшеюіне және денсаулығының жақсы болуына көмектесетін маңызды заттар.

Балалар ағзасы үнемі даму үстінде болғандықтан, дәрумендердің жеткілікті болуы өте маңызды. Егер ағзада дәрумендер жетіспесе, бала жиі ауырып, тез шаршайды, тәбеті төмендеп, өсуі баяулауы мүмкін.

Дәрумендердің бала ағзасына пайдасы

A дәрумені

A дәрумені көздің жақсы көруіне, терінің және ағзаның дұрыс дамуына көмектеседі. Сонымен қатар иммунитетті күшейтеді.

Кездесетін тағамдар: сәбіз, асқабақ, сары май, жұмыртқа, бауыр.

B дәрумені

B тобының дәрумендері жүйке жүйесінің жұмысын жақсартады, есте сақтау қабілетін арттырады және баланың сергек болуына әсер етеді.

Кездесетін тағамдар: ет, балық, сүт өнімдері, жармалар, нан.

C дәрумені

C дәрумені суық тиюден қорғайды, ағзаның ауруға қарсы тұру қабілетін арттырады.

Кездесетін тағамдар: лимон, апельсин, қаракат, итмұрын, қырыққабат.

D дәрумені

D дәрумені сүйек пен тістің мықты болуына көмектеседі. Бұл дәрумен жетіспесе, баланың сүйегі әлсіз болады.

Кездесетін тағамдар: балық майы, сүт, жұмыртқа. Күн сәулесі арқылы да ағзаға сінеді.

E дәрумені

E дәрумені ағзаның өсуіне және жасушалардың жаңаруына пайдалы.

Кездесетін тағамдар: жаңғақ, өсімдік майы, дәнді дақылдар.

Дәрумен жетіспеушілігінің белгілері

тез шаршау;

тәбеттің болмауы;

жиі ауыру;

терінің құрғауы;

ұйқының бұзылуы;

әлсіздік.

Балаларға дәруменді қалай жеткізу керек?

Күнделікті дұрыс тамақтандыру;

Жеміс-жидек пен көкөністі көбірек беру;

Уақытылы ұйықтату;

Таза ауада серуендету;

Спортпен айналыстыру;

Тазалық сақтау.

Қорытындылай келе, дәрумендер – бала денсаулығының кепілі. Баланың дұрыс өсіп, дамуы үшін дәруменге бай тағамдарды күнделікті тағам мәзіріне енгізу қажет. Денсаулығы мықты бала – еліміздің болашағы.

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Ана үйдің шырағы!»

№6 «Еліу» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Залда әсем әуен ойнап тұрады.

Ұлдар кіреді.

Жүргізушілер: Мансур, Әли

Әли: Армысыздар, аяулы,
Мейірімі мол аналар,
Бүгін бізден жылы сөз,
Құттықтаймыз, аналар!

Мансур: Анам менің – жүрегім,
Сені жақсы көремін,
Балалардан ақ тілек,
Құттықтаймыз, аналар!

Екеуі: Құрметті аяулы аналар, әжелер, апайлар, қыздар!

«Елік» тобының «Ана үйдің шырағы» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Ән: «Аяулы анашым»

Жүргізуші: Келесі кезекте балаларымыз аналарына деген сүйіспеншіліктерін өлең шумақтары мен жеткізеді
Қошеметпен қарсы алыңыздар!

Тақпақтар:

Ханшайым: Айналайын анашым
Әлемдегі жан асыл
Болсын маған не керек
Бәрін іздеп табасың.
Гүл-гүл жайнап бәріміз
Кірді біздің сәніміз.
Аналарды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз!

Ақтөре: Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам.

Алуа: Жақсы көрем күлкінді
Айналайын ақ мамам.
Менің мамам сүйкімді
Бәрінен де жақсы адам.

Санжар: Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.

Асылжан: Күнде күндіз ұйықтамай,
Қарсы аламын мамамды.
Құшақтаймын қуана,
Ең әдемі адамды!

Ахметжан: Бәріңіз де анасың
Біз үшін күн боп жансың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым.

Алима: Баланың да тірегі
Дананың да тірегі
Шаншылмасын ешқашан
Аналардың жүрегі.
Анашымды сағындым,
Оған ешкім жетпейді.
Анасының жанынан,
Бөбегі де кетпейді.

Би: «Көк жигули»

Көрніс: «Ана – үйдің берекесі»

Жай, жылы әуен ойнап тұрады

Жүргізуші: Бір үйде тату-тәтті отбасы өмір сүріпті.

Бұл үйдің сәні де, берекесі де — мейірімді ана екен.

(Ана үстелді жинастырып жүреді)

Ана: Айдайдың анасы

Балаларым, айналайындар,

тамақ дайын, келіңдер!

(Балалар жүгіріп келеді)

Қыз: Айдай

Анашым, бүгін балабақшада

өлең айттым!

Ана:

Жарайсың, құлыным!

Мен сенімен мақтанамын!

Қыз: Алима

Анашым, сурет салдым,

гүл салып едім!

Ана:

Өте әдемі екен, қызым!

Сенің қолыңнан бәрі келеді!

(Әже кіреді)

Әже:

Келінжан, шаршап жүрген жоқсың ба?

Балаларға бәрін үлгеріп жүрсің ғой.

Ана:

Апа, балаларым аман болса —
мен бақыттымын.

(Балалар анасына қарап)

Анашым, сен бізді жақсы көресің бе?

Ана (күлімдеп):

Әрине, жаным!

Мен сендерді бәрінен де жақсы көремін!

(Балалар қуанып, анасына жақындайды)

Айдай мен Әлима

Анашым, сен ең мейірімдісің!

Музыка сәл күшейеді

Жүргізуші:

Міне, балалар,

ана бар жерде — жылу бар,

ана бар жерде — бақыт бар.

(Барлығы бірге алға шығады)

Айдай мен Әлима

Ана — біздің жүрегіміз,

Ана — біздің тірегіміз!

Жүргізуші:

Аналар — әр үйдің шырағы,

отбасының алтын діңгегі.

Аналар аман болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Музыка ойнайды, балалар ананы құшақтайды

Ойын: «Гүлге көбелектер қондыр»

Жүргізуші: Әлемдегі ең мейірімді, ең дана жандар – біздің асыл әжелеріміз!

Қариясы бар үйдің қазынасы бар деп бекер айтпаған ғой.

Ендеше, әжелерге арналған жылы лебіздер мен

өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Тақпақтар:

Әли: Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем

Тентек болсам кешірген

Шөлдедің бе дана әжем?

Шай қайнатып келейін

Шекер салып жан әжем

Өзім құйып берейін

Балдай тәтті дана әжем.

Рами: Менің әжем, бұл әжем

Айтқан сөзі дәл әжем

Аман болса көреді

Қызығымды әлі әжем

Ақ әжемді әрқашан

Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін.

Аяулым: Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімнің таусылмас
Күн нұрына теңедім.

Жүргізуші: Аялы алақанымен
Әрқашан демеп жүретін,
Ақылымен, ақ батамен
Жол көрсетіп жүретін — Қымбатты әжелерімізге
Балалардан ән шашу!
Қабыл алыңыздар!

Ән: «Әжетайым»

Жүргізуші: Би: «Гүлдер»

Жүргізуші: Ойын: Ата – анамен (лентамен)

Жүргізуші: Би: «Жалқаубек»

Жүргізуші: Ойын: «Анаңды сәнде»

Жүргізуші: Әлемдегі ең аяулы жан – Ана!
Балаларымыз аналарға арнап жүрекжарды әнін ұсынады.
Балалардың орындауында – «Ақ мама» әні!

Ән: «Ақ мамам»

Жүргізуші: Рахмет, бүлдіршіндер!
Әсем билеріңізбен мерекемізді одан әрі көркейте түстіңіздер.
Тағы да қол соғайық!

Экранға назар аудару

Балалардың жасаған жұмыстарын табыстау аналарына.

Аналары қыздарына сыйлық беру.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар мен аяулы әжелер!

Бүгінгі қуанышқа толы ертеңгілігіміз осымен аяқталды.
Көңіл бөліп, бірге болғандарыңызға көп рахмет! Сіздерге әрқашан сыр
бермес денсаулық, өмір шаттығын тілейміз. Әрдайым мейірім шуағын
шашып жүре беріңіздер. 8наурыз мерекелеріңіз құтты болсын!



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Наурыз келді-құт келді»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Залда әсем әуен ойнап тұрады. Балалар билеп кіреді.

Жүргізуші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді.

Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық,
еңбектеріңізге табыс тілейміз. «Елік» тобының «Наурыз келді-құт келді»
атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

(Ортаға сүйінші сұрап келеді.)

Рами: Сүйінші, сүйінші!

Қуанышты хабар бар!

Жер бетіне көктем келді,

Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз келді.

Жүргізуші: Келе жатыр жылымыз

Мейрамдаймыз мұны біз

Халқы сүйген мейрамды,

Қарсы алайық Наурызды.

Ортаға Ақ әже кіреді, шашу шашады.

Ақ әже: Армысындар, айналайын балаларым!

Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мерекесі құтты болсын!

Бұл күн – жақсылықтың, жаңарудың, берекенің күні. Көктем келіп, жер
ана бусанып, барлық тіршілік қайта оянады.

Жүргізуші: Ақ әже төрлетіңіз отырыңыз. Балалардың бүгінгі мерекеге арнаған
өнерлерін тамашалаңыз.

Ән: «Алақай, Наурыз»

Би: «Текемет»

Жүргізуші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған өлең шумақтарына
береміз.

Тақпақтар:

Ханшайым: Елім менен жеріме,

Ырысын шашқан Наурыз.

Күлімдеген көктемге,

Шуағын шашқан наурыз.

Жеті түрлі дән салып,

Дәм татқызған наурыз.

Жақсылық тілеп халыққа,

Молшылық әкелсін наурыз

Айдай: Ата-бабам тойлаған,

Наурызым армысың!

Қызығына тоймаған,

Жаңа жылым бармысың.

Осыншама жақсылық ,

Алып келген Наурызым.

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің.

Асылай:Наурыз келді еліме
Наурыз келді жеріме
Байлық бақыт тілеймін
Бүкіл қазақ еліне!

Әлима:Наурыз тойым, Наурыз тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.

Ойын: «Асықты отау»

Жүргізуші:- Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: - Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар балалар.Науырыз мерекесінде наурыз көше асылады. Ендеше наурыз көже неше түрлі дәмнен жасаладынын және наурыз көженің қалай дайындалатынын әжеміз айтып берсін.

Ақ әже: Наурызда адамдар бір- біріне ақ тілектер айтып, реніштерін ұмытып, дастархан жайып, Наурыз көже пісірген.

Ақ мол болсын деп сүт қостым,
Дәмі кірсін деп тұз қостым
Қуат берсін деп ет қостым,
Тоқ болайық деп дән қостым.
Береке болсын деп май қостым,
Дәмді болсын деп кеспе қостым.
Ырыс келсін деп су қостым,
Наурыз көже пісірдім.

Балалар, Наурыз көжеден дәм татамыз.

Жүргізуші: Рахмет сізге әже енді наурыз көженің қалай дайындалатынын білдік.
Әже, біздің балаларымыз наурыз көже туралы тақпақ айтқылары келіп тұр екен, олай болса кезекті балалардың өлең шумақтарына берейік.

Тақпақтар:

Томирис: Ашылды да кебеже,
Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурыз көжеге,
Жеті түрлі ас салды.

Ақтөре: Арпа бидай бастаған,
Жеті дәмнен аспаған.
Наурыз көже ежелден,
Бұл тойдағы бас маман.

Жүргізуші:Кел, балалар, келіңдер,
Ойын ойнап көріңдер!
Наурыз келді шаттықпен,
Қуанышқа бөленіңдер!

Ойын: «Көже пісіру»

Ойынның шарты: Мен сендерге әртүрлі азықтардың суреттерін беремін. Сендер Солардың ішінен Наурыз көжеге керек жеті тағамды таңдап, қазанға саласыңдар.

Келесі кезекті қазақтың төл өнері – айтысқа кезек береміз.

Қол соғып қарсы алайық!

Айтыс: Аделя мен Әлима

Би: «Домбыра»

Жүргізуші: Наурыз құтты болсын!

Дендеріміз сау, мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін!

Барлық халық бақытты болсын!

Көріскенші күн жарық болсын!

Осымен «Наурыз келді-құт келді» атты мерекелік кешіміз аяқталды. Сау болыңыздар!



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Кеңейтілген ойын іс әрекеті
Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын»

Мақсаты: Көктем туралы білімдерін толықтыру, көктем ерекшеліктерін мерекелерді естеріне түсіре отырып әңгімелету. Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс - әрекетінің барысы:

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі

Көктем мезгілінде неше ай бар?

Балалар: үш ай бар

Айдың аттарын атаңдар

Балалар: наурыз, сәуір, мамыр

Көктем айында қандай ерекшеліктер болады?

Балалар: күн жылынады, ағаштар бүршік атады, құстар жылы жақтан ұшып келеді т.б. Жарайсыңдар, балалар, міне көктем мезгілі өзінің осындай керемет ерекшеліктерімен қуантады екен.

- Ал көктемнің осы айы нешінші айы?

- Екінші айы.

- Осы ай қалай деп аталады?

- Сәуір айы деп аталады.

- Иә, бұл сәуір айында да, бір үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер мерекесі.

Қандай мереке?

- Ғарышкерлер мерекесі.

Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар.

Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар. Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз

Қандай ғаламда өмір сүреміз?

- Жер ғаламында өмір сүреміз.

- Балалар, сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?

- Ұшақ, тікұшақ, зымыран.

- Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Бәріміз тақтаға мұқият қарайық. Сурет арқылы әңгімелеу.

Мына суреттегі ең алғаш ғарышқа ұшқан адам, ол Юрий Гагарин деген аға. Мынау ғарышқа ұшуға дайындалып жатқан кезі.

Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкерлері - Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаев деген ағаларымыз.

Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары.

Осы кісілер сияқты батыл, ержүрек болу үшін, білімді, тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.

Ал мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шоқ жұлдыздар бар.

- Аспанда тағы нелер болады, балалар?

- Күн, ай, бұлттар болады(балалар өз ойларын айтады!)

Ал мынау ұшуға дайындалып жатқан ғарыш кемесі. Онымен адамдар аспанға ұшып, аспан кеңістігін зерттейді екен. Мынау Байқоңыр ғарыш айлағы. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады екен. Байқоңыр ғарыш айлағы ол біздің Қазақстанда, оның ішінде өзіміздің Қызылорда облысында орналасқан.

Мына суретте ғарыштағы адам, ол үстіне арнайы киім, яғни скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ, сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады.

Балалар, сендер де ғарышқа ұшқыларың келе ме?

Балалар:иә, ұшқымыз келеді.

Ендеше, мына зымыранға қарайықшы.

Дене бөлшектері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды.

Балалар: үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш.

Ойын:«Зымыран құрастыру.

Балалар, біз ғарышкерлер туралы тақпақ жаттаған едік қой. Қане есімізге түсірейікші, кім айтады. Балалардың тақпақтары.



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыптық сағат
Тақырыбы: «Бірлігіміз жарасқан елміз»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Тақырыбы: «Бірлігіміз жарасқан елміз»

Мақсаты:

Балаларға Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүретінін түсіндіру. Достыққа, бірлікке, сыйластыққа тәрбиелеу. Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Міндеттері:

Қазақстан туралы түсініктерін кеңейту;

Бірлік, достық ұғымдарын түсіндіру;

Тіл байлығын дамыту;

Ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Қажетті көрнекіліктер:

Қазақстан туы

Ұлттар бейнеленген суреттер

Достық туралы суреттер

Шарлар, гүлдер

Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

— Балалар, біз қандай елде тұрамыз?

Балалар:

— Қазақстан Республикасында!

Тәрбиеші:

— Біздің еліміз қандай?

Балалар:

— Тату, бейбіт, әдемі ел.

Шаттық сөзі:

Біз бақытты баламыз,

Тату-тәтті боламыз.

Бірлікпенен әрқашан,

Бақытты өмір сүреміз!

Тәрбиеші:

— Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері өмір сүреді. Олар бір-бірімен тату тұрады. Біз бәріміз бір елдің балаларымыз.

— Бірлік дегеніміз не?

Балалардың жауабы:

— Достық, татулық, көмектесу.

Тақпақтар:

Отаным — Қазақстан,

Кең байтақ туған жер.

Бірлігі жарасқан,

Бақытты біздің ел. **Айдай**

Дос болып біз жүреміз,

Тату-тәтті күлеміз.

Бір шаңырақ астында,

Бақытты өмір сүреміз. **Мансур**

Әрқашан күн сөнбесін,

Аспанымыз ашық болсын.

Бірлігі мықты елімнің,

Болашағы жарық болсын! **Томирис**

Сергіту сәті

Күнге қарап күлеміз,

Қолымызды созамыз.

Достарменен бір болып,

Би билейміз, ойнаймыз.

Дидактикалық ойын: «Досыңды тап»

Ойын шарты:

Балалар шеңберде музыкамен жүреді. Музыка тоқтағанда жұптасып досын табады және бір-біріне жылы сөз айтады.

Сен жақсы доссың!

Сен әдемісің!

Сен мейірімдісің!

Шығармашылық жұмыс

«Достық гүлдері»

Балалар түрлі түсті қағаздан гүл жасап, үлкен «Достық» плакатына жапсырады.

Қорытынды

Тәрбиеші:

— Біз қандай елде тұрамыз?

Балалар:

— Қазақстанда!

Тәрбиеші:

— Біздің еліміз қандай?

Балалар:

— Бірлігі жарасқан, тату ел!

Қорытынды сөз:

Бірлік бар жерде — бақыт бар.

Тату елдің балалары әрқашан қуанышты болады.



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыптық сағат
Тақырыбы: «Ел қорғайтын ер болам»
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А.
Асан А.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Тақырыбы: «Ел қорғайтын ер болам»

Мақсаты:

Балаларға Отан қорғаушылар туралы түсінік беру. Отанды сүйуге, батырлыққа, ержүректілікке тәрбиелеу. Әскер мамандықтары туралы білімдерін кеңейту.

Міндеттері:

Отан қорғаушы мамандықтарымен таныстыру;

Ұл балаларды батылдыққа тәрбиелеу;

Патриоттық сезімдерін дамыту;

Сөйлеу тілін жетілдіру.

Қажетті көрнекіліктер:

Қазақстан туы

Сарбаз, ұшқыш, шекарашы суреттері

Әскери киімдер суреті

Шарлар, жалаушалар

Шаттық шеңбері

Тәрбиеші:

— Балалар, біз қандай елде тұрамыз?

Балалар:

— Қазақстанда!

Тәрбиеші:

— Отанымызды кім қорғайды?

Балалар:

— Сарбаздар, батырлар.

Шаттық сөзі:

Отанымды сүйемін,

Туған жерді білемін.

Елін қорғар ер болып,

Өсемін мен, күлемін!

Тәрбиеші:

— Отан қорғаушылар — елімізді қорғайтын батыр жандар. Олар біздің тыныштығымызды күзетеді.

— Әскерде кімдер болады?

Балалар:

Сарбаз

Ұшқыш

Теңізші

Шекарашы

Тәрбиеші:

— Батыр болу үшін қандай болу керек?

Балалардың жауабы:

— Батыл, күшті, мейірімді, тәртіпті.

Тақпақтар:

Мен боламын сарбаз,

Қорғаймын елді әрқашан.

Батыр болып өсемін,

Отанымды сүйемін. **Санжар**

Көк туымды қорғаймын,

Елімді мен қолдаймын.

Ер жеткенде есейіп,

Сарбаз болып барамын. **Рами**

Тыныш болсын еліміз,

Аман болсын жеріміз.

Батыр болып өсейік,

Бақытты боп жүрейік! **Ақтөре**

Сергіту сәті

Бір, екі — сапқа тұр,

Үш, төрт — қадам бас.

Бес, алты — күш жина,

Батыр болып өсе ғой!

(Балалар саппен жүреді.)

Дидактикалық ойын.

«Әскери мамандықты тап»

Ойын шарты:

Тәрбиеші сурет көрсетеді, балалар мамандықты атайды.

Мысалы:

Ұшак — ұшқыш

Танк — танкист

Итпен тұрған адам — шекарашы

VI. Қимылды ойын

«Не артық»

Қорытынды

Тәрбиеші:

— Отанды сүю деген не?

Балалар:

— Елді қорғау, құрметтеу.

Тәрбиеші:

— Болашақта кім болғыларың келеді?

Балалар:

— Сарбаз! Батыр!

Қорытынды сөз:

Елін сүйген ер бала —

Ел қорғайтын батыр бала!



2 – қосымша. Біртұтас тәрбие бағдарламасы
бойынша жұмыс жоспары

№	Тақырыптар	Мерзімі	Жұмыс жоспары	Жауаптылар
1.	«Менің балабақшам»	Қыркүйек	Экскурсия. Балабақшамен, топпен, тәрбиешілермен, балабақша қызметкерлерімен таныстыру.	Топ тәрбиешілері Калабазарова Д.А Асан А.А
2.	«Күзгі жәрмеңке» (көкөністерден безендірілген бұйымдардың көрмесі	Қазан	Көрме	Топ тәрбиешілері
3.	«Ашық есік күні»	Қараша	Ұйымдастырылған іс - әрекеті	Топ тәрбиешілері
4.	«Туған жерім - туғырым»	Желтоқсан	Кеңейтілген оқу қызметі	Топ тәрбиешілері
5.	«Әже қолы шебер қол»	Қаңтар	Сайыс	Топ тәрбиешілері
6.	«Ертегілер әлемінде»	Ақпан	Балалардың театрландырылған іс - әрекеті	Топ тәрбиешілері
7.	1.14 наурыз көрісу күні. 2.«Берекелі шаңырақ» атты зияткерлік – танымдық шара.	Наурыз	Көрісу Зияткерлік – танымдық шара.	Топ тәрбиешілері Калабазарова Д.А
8.	Кітапханаға саяхат жасау: «Кітап әлеміне саяхат»	Сәуір	Кітапханаға саяхат	Топ тәрбиешілері Асан А.А
9.	1.«Әр ойыншықтың өз орыны бар» (тәртіп, жауапкершілік) 2.«Тәртіп пен ұқыптылық»	Мамыр	«Әр ойыншықтың өз орыны бар» тақырыбында түсіндіру жұмысы. Ұжымдық еңбек, практикалық әрекет	Топ тәрбиешілері

Тақырыбы: «Күзгі жәрмеңке»

Балабақшада тәрбиеленушілердің күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, ұлттық құндылықтарды насихаттау және ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында «Күзгі жәрмеңке» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараға тәрбиеленушілер, ата-аналар және балабақша қызметкерлері белсене қатысты. Жәрмеңке алаңы күзгі мерекеге сай безендіріліп, жеміс-жидектерден, көкөністерден және табиғи материалдардан жасалған көркем жұмыстар көрмесі ұйымдастырылды. Ата-аналар балаларымен бірге әртүрлі ұлттық тағамдар, үй жағдайында дайындалған тәттілер, күз сыйларынан әзірленген өнімдер әкеліп, жәрмеңке көркін аша түсті.

Мерекелік шара барысында балалар күз туралы тақпақтар айтып, әндер орындап, би биледі. Сонымен қатар күз мезгіліне байланысты қызықты ойындар мен сайыстар өткізіліп, балалар өз өнерлері мен қабілеттерін көрсетті. Жәрмеңке барысында балалар күзгі өнімдердің адам өміріндегі маңызы туралы мағлұмат алып, табиғаттың мол сыйына құрметпен қарауды үйренді.

Іс-шараның басты мақсаты – балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, еңбек нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту болды. Балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық жұмыстары көрмеге қойылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Күзгі жәрмеңке көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, қатысушыларға жағымды әсер сыйлады. Іс-шара өз мақсатына жетіп, балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейтіп, шығармашылық белсенділіктерін арттырды. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастық нығайып, мереке жоғары деңгейде ұйымдастырылды.





Тақырыбы: «Мамандықтар»

Мақсаты: Балаларды түрлі мамандықтармен таныстыру, олардың қоғамдағы маңызын түсіндіру, еңбек адамдарына құрмет сезімін қалыптастыру.

Қажетті көрнекіліктер: мамандықтар суреттері, дәрігердің, аспаздың, мұғалімнің, құрылысшының құралдары, ойынға арналған карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Армысың, алтын күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, достарым,

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қолым бос!

Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады.

II. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші қолына сиқырлы сандық алып келеді.

– Балалар, бүгін бізге сиқырлы сандық келіпті. Оның ішінде әртүрлі заттар бар. Бұл заттар кімдерге қажет екенін табайық.

Сандықтан ақ халат, кітап, ожау, балға т.б сияқты заттар алынады.

III. Негізгі бөлім

Әңгімелесу: «Мамандық дегеніміз не?»

Тәрбиеші:

– Мамандық – адамның сүйікті еңбегі. Әр мамандықтың қоғамға пайдасы зор.

Суреттер арқылы таныстыру:

- Дәрігер – адамдарды емдейді.

- Мұғалім – білім береді.

- Аспаз – тағам дайындайды.

- Құрылысшы – үй салады.

- Өрт сөндіруші – адамдарды қорғайды.
- Жүргізуші – көлік жүргізеді.

IV. Ойын: «Кімге не қажет?»

Балалар мамандық иелерін қажетті құралдармен сәйкестендіреді.

Мысалы:

- Дәрігер – дәрі қобдишасы.
- Аспаз – қазан, ожау.
- Құрылысшы – балға.
- Мұғалім – кітап.

V. Сергіту сәті

Біз дәрігер боламыз,
Ауырғанды емдейміз.
Біз аспаз боп өсеміз,
Дәмді тағам пісіреміз.

Біз құрылысшы боламыз,
Әсем үйлер саламыз.
Біз ұстаз боп өсеміз,
Білім нәрін береміз.

VI. Дидактикалық ойын: «Мамандықты тап»

Тәрбиеші мамандықтың іс-әрекетін сипаттайды, балалар жауабын табады.

- Балаларды оқытады. (Мұғалім)
- Дәмді ас әзірлейді. (Аспаз)
- Адамдарды емдейді. (Дәрігер)
- Үй салады. (Құрылысшы)

Сұрақ-жауап:

- Бүгін қандай мамандықтармен таныстық?
- Дәрігердің жұмысы қандай?
- Саған қай мамандық ұнады?

Балаларды мадақтау.



№ 41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

«Әже қолы – шебер қол
№6 «Елік» ересек тобы

2026 ж

Әже қолы – шебер қол»

Жүргізуші С:

Ақ жаулықты, ақ ниетті асыл жан,

Әр сөзіңіз – тәрбие мен қазына.

Қолы шебер, жүрегі кең әжеміз,

Ортамызға қош келдіңіз, дара жан!

(Әжелерді өлең жолдарымен ортаға шақыру)

-Балабақшамыздың меңгерушісі Карабалина Айжан Ержанқызына сөз береміз.

(Әженің ЖИИ құттықтауы.)

Жүргізуші М:

Армысыздар, қадірлі әжелер мен қонақтар! Бүгінгі «Әже қолы – шебер қол» атты бағдарламаға қош келдіңіздер!

Әже - мейірім,

Әже - тәрбие,

Әже – шеберліктің бастауы, - дей келе бағдарламаны ашық деп жариялаймыз.

– Алдымен сиқырлы қоржыннан асықтарды таңдап алып кезек ретімізді біліп алайық.

Ал, қанеки, әжелер, кезек сізде.

Өнер, мейір тұнып тұр әрбір ізде.

Өзіңізді таныстырып беріңіз.

Немереңіз-бақытыңыз өмірде.

Сайыс I: «Таныстыру»

(Әжелер өздерін таныстырады.)

Әжелермен сұхбат

Жүргізуші С:

- Қай өнер түрі сізге ең жақын?

-Немере сізді қалай еркелетіп атайды?

-Қолыңыздан шыққан ең алғашқы бұйымыңыз қандай еді?

-Қолөнер адамға не үйретеді деп ойлайсыз?

-Қыз балаға, немереге ең алдымен нені үйрету керек?

-Бұрынғы қолөнер мен қазіргі қолөнердің айырмашылығы неде?

Жүргізуші М:

Өнер деген-жүректен төгілген нұр.

Әже қолы –тарихпен тағылым сыр

Ендеше кезек беріп көрейік біз
Алтын қолдан туған өнерге бір.

Сайыс 2: «Өз өнерін көрсету»
(Сап-дәстүр, би, ән т.б)

Педагог Эксперттер ойын ойнатады. Текемет құрастыру

Жүргізуші С:
Әже қолы – тоқыманың шебері
Тігісінен танылады өнері
Ендеше көрейік біз бүгінде
Алтын қолдың ғажапты кереметін.

Сайыс 3: «Қолөнер»
(Үйден қолөнер жасап әкеледі, жасалу жолын слайдпен көрсету.)

Педагог эксперттер ойын ойнатады. Жаңылтпаш құрастыру.

Жүргізуші М: келесі кезекті «Білгенге маржан» сұрақ-жауап айдарына берейік.

Сайыс 4: «Білгенге маржан»
(сұрақ-жауап)
Слайд

Жүргізуші С:
Бұл сайыс-жеңіс үшін емес
Тәрбие мен тағылым үшін
Әжелердің ақылымен өнері
Біздің ең үлкен байлығымыз.
Қорытындылау.
Марапаттау.



«Сыбаға» ұлттық дәстүрлерь фестиваль тұжырымдамасын іске асыру негізінде «Бата мен тілек қазақтың қасиеті»

№6 «Елік» ересек тобының тәрбиеленушісі Теңізова Айдайдың әжесі қазақтың тәрбие үлгілерін жаңғырту мақсатында бата берді.

Бата — қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрінің бірі, рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызды құралы. Ол әдетте үлкен, ақыл-парасаты мол адамдардың кішілерге, ұрпаққа, ел-жұртқа ақ ниетпен, ізгі тілекпен айтатын өнегелі, мағыналы сөздерінен тұрады. Бата беру арқылы жақсылық тілеу, амандық пен саулық, береке мен бірлік, білім мен тәрбиеге үндеу көрініс табады. Сонымен қатар бата балаларды үлкенді құрметтеуге, сөздің қадірін түсінуге, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, адамгершілікке, мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелейді. Бата халықтың дүниетанымын, өмірге деген оң көзқарасын білдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болып саналады.



Тақырыбы: «Ұлттық мәдениет көрмесі»

Балалардың ұлттық құндылықтар туралы білімдерін кеңейту, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдени мұраларын насихаттау, ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында балабақшада «Ұлттық мәдениет көрмесі» ұйымдастырылды.

Көрме барысында қазақ халқының ұлттық тұрмыстық бұйымдары, қолөнер туындылары, ұлттық киім үлгілері, музыкалық аспаптар, ою-өрнек түрлері және ұлттық тағамдар таныстырылды. Тәрбиеленушілер көрмені тамашалап, әрбір жәдігердің шығу тарихы мен қолданылуы туралы мағлұмат алды.

Іс-шара барысында балалар ұлттық киімдер киіп, қазақтың салт-дәстүрлері туралы тақпақтар айтып, ән орындады. Ұлттық ойындар ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер өз өнерлері мен белсенділіктерін көрсетті. Сонымен қатар ата-аналар мен педагогтер дайындаған қолөнер бұйымдары көрмеге қойылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Көрменің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, туған халқының мәдениеті мен тарихына деген құрмет сезімін қалыптастыру болды. Балалар қазақ халқының бай мәдени мұрасы туралы білімдерін толықтырып, ұлттық өнердің ерекшеліктерімен танысты.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын арттыруға, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыруға ықпал етті. Көрме өз мақсатына жетіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен мол әсер сыйлады.



Тақырыбы: «Ертегілер әлемінде»

Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, ертегілер арқылы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Ертегілер әлемінде» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді. Іс-әрекет барысында тәрбиеленушілер өздеріне таныс ертегілерді еске түсіріп, ертегі кейіпкерлерін атап, олардың іс-әрекеттеріне баға берді. Балалар ертегілердің мазмұнын әңгімелеп, кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін ажыратуды үйренді. Ертегі кейіпкерлерінің суреттері арқылы сұрақ-жауап ұйымдастырылып, балалардың байланыстырып сөйлеу дағдылары жетілдірілді.

Оқу қызметінде «Қай ертегіден?», «Кейіпкерді тап», «Ертегіні жалғастыр» дидактикалық ойындары ойнатылып, балалардың ойлау, есте сақтау және зейін қабілеттері дамытылды. Сонымен қатар тәрбиеленушілер ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдап, шағын көріністер көрсетті.

Іс-әрекет барысында балалар ертегілердің тәрбиелік мәнін түсініп, достыққа, мейірімділікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке баулитын құндылықтар туралы білімдерін толықтырды. Кітапқа деген қызығушылықтары артып, көркем шығармаларды тыңдау мәдениеті қалыптасты.

Ұйымдастырылған іс-әрекет өз мақсатына жетіп, балалардың ертегілер туралы білімдерін кеңейтуге, сөздік қорларын молайтуға және шығармашылық белсенділіктерін арттыруға ықпал етті.



Тақырыбы: «14 наурыз – Көрісу күні»

14 наурыз – Көрісу күніне орай балабақшада ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, балаларға қазақ халқының мәдени мұрасын таныстыру, үлкендерді құрметтеуге және сыйластыққа тәрбиелеу мақсатында мерекелік іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілерге Көрісу күнінің шығу тарихы мен маңызы туралы түсінік берілді. Балалар бұл күннің адамдардың бір-бірімен қауышып, амандық-саулық сұрасатын, ізгі тілектер айтып, татулық пен бірлікті нығайтатын ерекше мереке екенін білді.

Мерекелік шарада тәрбиеленушілер Көрісу күніне арналған тақпақтар оқып, әндер орындады. Қазақ халқының дәстүрлі көрісу рәсімін сахналық көрініс арқылы көрсетіп, үлкендерге құрмет пен ізеттің маңызын түсіндірді. Сонымен қатар ұлттық ойындар ойнатылып, балалардың қызығушылығы мен белсенділігі арттырылды.

Іс-шара барысында балалар бір-бірімен және қонақтармен көрісіп, жылы лебіздері мен ақ тілектерін білдірді. Бұл олардың бойында достық, сыйластық, мейірімділік және адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етті.

Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер ұлттық дәстүрлер туралы білімдерін толықтырды. Балалар Көрісу күнінің тәрбиелік мәнін түсініп, халқымыздың салт-дәстүрлеріне деген құрмет сезімдерін арттырды.



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыбы: «Берекелі шаңырақ»
(зияткерлік – танымдық шара)

Тәрбиеші: Калабазарова Д.А

Ақтөбе қаласы 2026ж

Тақырыбы: «Берекелі шаңырақ» атты зияткерлік-танымдық шара.

Шараның мақсаты:

- Отбасылық сыйластықты нығайту;
- Жастарға салт-дәстүрді дәріптеу;
- Зияткерлік қабілет пен шапшаңдықты дамыту.

Жүргізуші сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Бүгін біз шаңырақтың шаттығын, отбасының берекесін дәріптейтін шараға жиналып отырмыз.

Шаңырақ – әр отбасының жүрегі,

Берекесі мен бірлігінің тірегі.

Әр шаңырақта бақыт пен шаттық, мейірім мен сыйластық болсын!

Бүгінгі біз ата – аналарымыздың басын қосқан «Берекелі шаңырақ» атты зияткерлік-танымдық шараны бастаймыз. Бұл шарада сіздер түрлі қызықты ойындарға қатысып, білімдеріңізді көрсетесіздер. Ендеше шарамызды бастайық!

Қош келдіңіздер!

Алғашқы сөз кезегін меңгерушіміз Айжан Ержанқызына береміз!

Таныстыру

«Менің берекелі шаңырағым»

Әр ата-ана өз отбасы туралы қысқаша таныстырады.

Топқа бөлу: 1 топтың аты «Бірлік»

2 топтың аты «Бінтымақ»

1-кезең: Зияткерлік сұрақтар экранан ұяшықтар таңдау

“Тапқыр болсаң тауып көр”

1. Қазақтың ұлттық сусыны? **1 ұяшық**

(Қымыз)

2. Қазақтың ұлттық тағамы? **2 ұяшық**

(Бесбармақ)

3. Киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі қалай аталады? **(Шаңырақ) 3 ұяшық**

4. Баланың ең алғашқы ұстазы кім? (Анасы) **4 ұяшық**

5. Жаңа түскен келіннің бетін ашатын жыр қалай аталады? (Жауабы: **Беташар**) **5 ұяшық**

6. Төрт түліктің пірлерін атаңыз? (жауабы: **Ойсылқара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексек ата**) **6 ұяшық**

7. Баланың алғашқы қадамына арналған салт? (жауабы: **Тұсаукесер**) **7 ұяшық**

8. Бала 3, 5 немесе 7 жасқа толғанда жасалатын мұсылмандық парыз бен той? (жауабы: **Сүндет той**) **8 ұяшық**

9. Көктемде мал төлдеп, сүт молайғанда жасалатын салт дәстүр? (Жауабы: **Уызға шақыру**)

2-кезең: Мақал мәтелді табу Экраннан көрсетілетін суреттерге қарап жылдам жауап беру

3-кезең «Сөзсіз түсіндір» Әр топтан бір адам шығып 1 минут ішінде сөзсіз жасырылған сөзді ыммеен түсіндіру керек

4-кезең «Сәйкесін тап» Екі топтан бір бір адамнан шығып жарысады

5-кезең «Анаграмма» Шатасқан әріптерді құрастырып, сөз құрау
Қорытынды

Жүргізуші сөзі:

Құрметті ата-аналар! 6 кезең тапсырмалары аяқталды. Ендігі сөз кезегі әділқазы алқасына беріледі. (алғыс хаттарымен марапатталады)

Жүргізуші сөзі:

Бүгінгі шарамызға белсенді қатысып, өз білімдеріңіз бен тапқырлықтарыңызды көрсеткендеріңіз үшін үлкен рахмет! Осымен “Берекелі шаңырақ” зияткерлік-танымдық шарамыз аяқталды. Сау болыңыздар!



Тақырыбы: «Кітап әлеміне саяхат»

«Кітап әлеміне саяхат» – балаларды кітаппен таныстырып, ертегілер, әңгімелер арқылы олардың тілін, ойлау қабілетін, қиялын дамытуға бағытталған танымдық әрі тәрбиелік ұйымдастырылған іс-әрекет.

Мазмұны:

Бұл іс-әрекет барысында балалар:

Кітаптың не екенін, оның не үшін қажет екенін біледі

Ертегілерді тыңдап, кейіпкерлермен танысады

Сұрақтарға жауап беріп, өз ойын жеткізеді

Ойындар арқылы білімін бекітеді

Мақсаты:

Балалардың кітапқа деген қызығушылығын оятып, оқуға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

Кітаптың пайдасын түсіндіру

Сөздік қорын дамыту

Қиялын, есте сақтау қабілетін жетілдіру

Жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету

Кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу

Балаларға түсіндіру:

Кітап – біздің досымыз.

Кітап бізге ертегі айтып береді, жаңа сөздер үйретеді, бізді ақылды етеді.

Қорытынды:

Кітап оқыған бала – білімді, тәрбиелі, ақылды бала болып өседі.

Қысқа тұжырым:

«Кітап әлеміне саяхат» – кітап арқылы білім мен тәрбие алатын қызықты танымдық әрекет.

Ұран:

«Кітап – білім бұлағы!»


«Кітап — жарқын әлем»

Балабақнада балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетке сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында «Кітап — жарқын әлем» атты танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында тәрбиеленушілер кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы мағлұмат алып, ертегілер мен қызықты әңгімелер әлеміне саяхат жасады.

Балаларға түрлі ертегі кітаптары таныстырылып, кітапты күтіп ұстау ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар тәрбиеленушілер тақпақ айтып, мақал-мәтелдер жарысына қатысып, қызықты ойындар ойнады. Кітап кейіпкерлерін танып, сұрақтарға жауап беру арқылы балалардың ойлау қабілеті мен сөздік қоры дамытылды.

Іс-шараның мақсаты – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, көркем әдебиет арқылы тіл байлығын дамыту, кітапты құрметтеуге және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Шара соңында балалар кітаптың адамға білім мен тәрбие беретін асыл қазына екенін түсініп, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.



Тақырыбы: «Алғыс айту күні»

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай балабақшада тәрбиеленушілердің бойында ризашылық, сыйластық, мейірімділік пен достық сезімдерін қалыптастыру мақсатында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында балаларға Алғыс айту күнінің маңызы мен тарихы туралы түсінік берілді. Тәрбиеленушілер бір-біріне, ата-аналарына, тәрбиешілеріне және айналасындағы адамдарға алғыс айтудың адамгершілік қасиет екенін түсінді. Балалар мерекеге арналған тақпақтар оқып, әндер орындап, би биледі.

Сонымен қатар «Жылы сөздер шеңбері», «Алғыс ағашы», «Жүректен жүрекке» атты ойындар мен тренингтер ұйымдастырылды. Балалар өздерінің жақсы тілектері мен алғыс сөздерін айтып, мейірімділік пен қамқорлықтың маңызын ұғынды.

Іс-шара барысында достық, бірлік, татулық және өзара құрмет туралы әңгімелер жүргізіліп, балалардың бойында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету қасиеттері қалыптастырылды. Тәрбиеленушілер алғыс айтудың адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтатынын түсініп, өз ризашылықтарын білдіре білді.

Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтіп, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Іс-шараның нәтижесінде тәрбиеленушілердің бойында адамгершілік құндылықтар нығайып, айналасындағы адамдарға құрметпен қарау, алғыс айта білу дағдылары қалыптасты.



Тақырыбы: «Әр ойыншықтың өз орны бар»

(тәртіп, жауапкершілік)

Жалпы сипаттамасы:

Бұл – балаларды ұқыптылыққа, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған тәрбиелік қағида (түсінік). Ол әр заттың өз орны болатынын және оны қолданғаннан кейін сол орнына қою керектігін білдіреді.

Мақсаты:

Балаларды ойыншықтарды ретімен орналастыруға, тазалық пен тәртіпті сақтауға үйрету.

Міндеттері:

Заттарды өз орнына қою дағдысын қалыптастыру

Ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу

Жауапкершілік сезімін дамыту

Қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету

Мазмұны:

Балалар ойын барысында пайдаланған ойыншықтарын ойнап болған соң арнайы белгіленген орындарға (қорап, сөре, себет) орналастырады. Әр ойыншықтың нақты орны болады, сол арқылы балалар реттілікті сақтауды үйренеді.

Күтілетін нәтиже:


Балалар ойыншықтарды өздігінен жинайды

Тазалық пен тәртіпке дағдыланады

Ұқыптылық қасиеті қалыптасады

Топ ішінде реттілік сақталады

Қорытынды: «Әр ойыншықтың өз орны бар» қағидасы – балалардың күнделікті өмірінде тәртіп пен ұқыптылықты қалыптастыратын маңызды тәрбиелік негіз.



Тақырыбы: «Тәртіп пен ұқыптылық»

(ұжымдық еңбек, практикалық әрекет)

Жалпы сипаттамасы:

Тәртіп пен ұқыптылық – баланың күнделікті іс-әрекетінде ережелерді сақтауы, өзін дұрыс ұстауы, заттарға мұқият қарап, оларды ретімен қолдануы және өз орнына қоюы.

Ұқыпты бала айналасын таза ұстайды, ойыншықтарын жинайды, киімін реттейді және бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тырысады.

Бұл қасиеттер бала бойында жауапкершілік, жинақылық, тазалық және мәдениеттілік дағдыларын қалыптастырады.

Ұжымдық еңбек

Ұжымдық еңбек – балалардың бірлесіп, ортақ мақсатқа бағытталған әрекеті. Бұл процесте әр бала өз міндетін орындап қана қоймай, басқа балалармен қарым-қатынас жасап, бір-біріне көмектеседі.

Ұжымдық еңбек барысында балалар ұйымшылдыққа, өзара сыйластыққа, көмектесуге, келісімге келуге үйренеді.

Мысалы: бірге ойыншық жинау, бөлмені ретке келтіру, гүлдерді суару.

Практикалық әрекет

Практикалық әрекет – баланың нақты іс-әрекет арқылы үйренуі. Яғни, бала тек тыңдап немесе бақылап қана қоймай, өзі жасап көру арқылы білім мен дағдыны меңгереді.

Бұл әрекетке ойыншықтарды жинау, заттарды орнына қою, құрастыру, тазалау сияқты күнделікті іс-әрекеттер жатады.

Практикалық әрекет баланың ойлауын, қол моторикасын, дербестігін дамытады.

Өзара байланысы: Тәртіп пен ұқыптылық ұжымдық еңбек пен практикалық әрекет арқылы қалыптасады. Бала топпен бірге әрекет ете отырып, нақты іс арқылы тәртіп сақтауды және ұқыпты болуды үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

Балалар тәртіп сақтауды үйренеді

Ұқыптылық пен тазалық дағдылары қалыптасады

Бірлесіп жұмыс жасау қабілеті дамиды

Еңбекке деген оң көзқарас пайда болады

Өзін-өзі қызмет ету дағдылары жетіледі

Қорытынды: Тәртіп пен ұқыптылық, ұжымдық еңбек және практикалық әрекет – баланың тұлғалық дамуының негізі. Бұл қасиеттерді ерте жастан қалыптастыру арқылы бала болашақта жауапты, ұйымшыл, еңбекқор азамат болып өседі.



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

Сюжетті-рөлдік ойын
№6 «Елік» ересек тобы

Тәрбиешілері: Калабазарова Д.А
Асан А.А

Ақтобе қаласы 2026ж

Сюжетті-рөлдік ойындардың мақсаты:

Балалардың әлеуметтік тәжірибесін кеңейту, ересектер еңбегі мен қоғамдағы қарым-қатынастар туралы түсінігін тереңдету, сюжетті-рөлдік ойын арқылы өз ойын еркін жеткізе білуге, рөлдерді саналы түрде орындауға және бірлесіп әрекет етуге үйрету.

Міндеттері:

- Рөлдерді өз бетінше таңдап, ойын мазмұнын дамытуға үйрету;
- Диалогтық сөйлеуді жетілдіру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту;
- Қоғамдық орындар мен мамандықтар туралы білімін кеңейту;
- Ойын ережелерін сақтап, ұжыммен әрекет етуге дағдыландыру;
- Шығармашылық, қиял және логикалық ойлауын дамыту;
- Бір-біріне көмектесу, сыйластық, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;

